



Алхан Бөкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOĞAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 36 (7978) 11 қазан, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru



Президент реформасы –
өміршең өзгерістер

референдум – халықтың ең жоғары таңдау құқығы. Референдум өткізіп, халықтың пікірін негізге алуға шақырған Президент маңызды қадам жасады. Өйткені бұл жолмен жүреміз бе, жоқ па, халық еркімен анықталды. Бұл тәсіл – демократияның озық үлгісі. Экономикалық тұрғыдан алғанда, жарқын болашақ кепілі –


қағидаттарына айналатын жаңа Қазақстанды құрып жатырмыз», дейді ол. Электр энергиясы қазіргі өркениетті заманның «қаны» екені рас. Оны өндіруде судың, күн мен желдің қуатына дейінгі барлық көздер қолданылады. Қазір адамзат қажеттіліктері барған сайын өсіп, ресурстар азайып жатыр. Бұл

технологиялар мен материалдар, жаңартылған және сенімді қорғаныс құралдары мен энергия көздері пайдаланылады. Бұл адам факторының әсерін, апаттықтималдылығын барынша азайтады», дейді. Еліміз біршама уақыттан бері атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану, оның ішінде азаматтық ядролық секторды жүйелі

Көпшілік АЭС-тің пайдасы мен тәуекелін түсінді

Отандық атом энергетикасы жүйесін қалыптастырудағы маңызды әрі әдепкі белес саналған референдум өтіп, алдын ала сауалнама қорытындысында ел халқының басым бөлігі елде атом энергия стансасын салуды жақ-тап дауыс берді. Көпшілік атом энергиясының маңызын түсініп, сеніп отырған сыңайлы. Алаң да жоқ емес. Алайда Мемлекет басшысының АЭС құрылысында «ең озық технологиялары бар әлемдік компаниялардан құралған халықаралық консорциум жұмыс істеуі қажет» деген сөзі біраз күдікті сөйлетсе керек.

Еліміз энергия тапшылығының алдында тұр. Ресми деректер де, сарапшылар болжамы да мұны растай түседі. Қазба отындарына тәуелді экологиялық салдары баламалы таза энергия көздерін табуға мәжбүрлейтіні рас. Нақты тәжірибелер мен нәтижелерге қарап, атом электр стансалары энергетикалық келешектің оңтайлы шешімі екенін ұғындық. Дегенмен бұл тақырыптағы пікірталас кезінде атом энергетикасы туралы қорқыныш пен мифке толы оқиғалар да айтылмай тұрмайды. Түптеп келгенде халық өз таңдауын жеке сенімдеріне сүйеніп жасайды. Мәжіліс депутаты Марат Бәшімов бір кездері Смоленск атом электр стансаларын басқарумен айналысатын әскер сапында қызмет еткен. 1986 жылы Чернобыльде жарылыс болған кезде демобилизацияланған. Ол мүлдем басқа дәуірдің келгенін, технологияның тұғырға шыққанын түсіндім дейді. «Билік референдум өткізбей-ақ шешім қабылдауға болар еді. Бірақ Конституцияға сәйкес



атом энергетикасы. Олай болмаса, энергиясының 65%-ымен бүкіл Еуропаны қамтамасыз ететін Франция АЭС пайдаланбас еді», дейді депутат. Айтуынша, бұл үдеріс елде жаңа құқықтық әрі сайлау мәдениетін қалыптастырудың басталғанын көрсетеді. «Қазіргі референдум – азаматтардың ерікті ерік-жігерінің мысалы. Мұндай референдум қоғамға өз пікіріне сүйенсе отырып, маңызды шешім қабылдауға мүмкіндік беріп, сабырлы көзқарасты дамытуға ықпал етеді. Осы референдумның тарихтағы орны ерекше. Маңызды шешімдегі халықтың ойын білу – әбден құптарлық іс. Халықты не себепті референдумға шақырды? Ел болашағына әсер ететін үдерісте әр азамат жауапкершілік сезініп, өз таңдауын жасауы маңызды еді. Біз әрбір азаматтың таңдауына деген құрмет пен жауапкершілікке негізделген жаңа сайлау мәдениетінің қалыптасып жатқанын көріп отырмыз. Бұл тұрғыда референдум қоғамда болып жатқан өзгерістердің рәмізіне айналды. Біз әділдік пен ашықтық мемлекеттік басқарудың негізгі

тізбектен біз де орын алғанбыз. АЭС салу мәселесі қоғамда бірталай пікірталас тудырды. Көбіне энергетикалық тәуелсіздік, АЭС-тегі жұмыс қауіпсіздігі, экологиялық қауіпсіздік, экономикалық тиімділік, саяси негізділік аясында өрбіді. Стратегиялық зерттеулер институты Халықаралық қауіпсіздік бөлімінің басшысы Дәурен Әбен Семей полигонындағы ядролық сынақтардың қасіретті мұрасын, Чернобыльдегі апат салдарын жоюдың қайғылы тәжірибесін ескерсек, ел алаңын түсінуге болады дейді. Оның айтуынша, халық таңдауын саналы түрде саралап жасады. «АЭС-тің салынуы елдің болашағы мен тұрақты дамуына елеулі үлес қосады дегенге сенімдімін. Осы тұрғыдан алғанда референдумға қатысқан азаматтардың көпшілігі осы шешімді қолдағаны – құптарлық іс. Ендігі басты мақсат – ел мүддесіне толығымен сай келетін АЭС жобасын таңдап алу. Болашақта III+ буынына жататын заманауи ядролық реакторлар орнатылған АЭС салынады. Оны салу кезінде анағұрлым озық әрі қауіпсіз

дамытуға біршама назар аударып келеді. Теориялық, қолданбалы зерттеулер жүргізуге көп көңіл бөлінді. Ұлттық ядролық орталықта ядролық реакторлардың жаңа түрлерін жасау, ядролық қондырғылардың жоғары дәлдіктегі жабдықтарын әзірлеу, АЭС қауіпсіздігін арттыру, атом өнеркәсібінің техникалық ғимараттары мен құрылыстарын жобалау жұмыстары атқарылып жатыр. Халық таңдауынан кейін бұл үдерістерге баса мән берілмек. «Мемлекеттің бірінші кезектегі міндеті АЭС салу емес, еліміздің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету екенін түсіну керек. Осы міндеттің өзектілігі көршілес елдерден электр энергиясын қымбат бағаға сатып алу есебінен жабылатын ел экономикасы мен халқының энергияға сұранысының артуынан пайда болған электр қуатының жетіспеуімен, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған генерация нысандары мен электр желілерінің әбден тозуымен байланысты. Энергетика саласы мамандарының пікірінше, атом энергетикасы бірқатар объективті фактордың, соның ішінде ауа райына тәуелді болмауы арқасында, бүгінгі күні дәстүрлі сарқылатын энергия көздеріне жалғыз ұзақ мерзімді әрі тұрақты балама болып қала береді. Сондықтан отандық энергия өндіру қуатын кеңейту, елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Үкімет те, халық та АЭС салуды таңдап отыр», дейді Дәурен Әбен.

Елігімай ТӨҢКЕР.
Мақала «Egemen Qazaqstan»
газетінің сайтынан алынды.



AQTOĞAI AJARY

2024 жылдың II жартыжылдығына жазылыңыз!

Аудан өмірінің айнасы, ауданымызда жарық көретін жалғыз басылымды қолдаңыз, ағайын!

Газетке «Қазпоштаның» аудандық, ауылдық бөлімшелері және Kaspi GOLD арқылы жазылуға болады.
Тел: 8-708-547-43-03
Kaspi GOLD

Жеке жазылушылар үшін
индексі – 65031,
6 айға – 2457,30 теңге.
1 жылға – 4914,60 теңге.

Мекеме, ұжымдар үшін
индексі – 15031,
6 айға – 2957,28 теңге.
1 жылға – 5914,56 теңге.

Ескерту: Kaspi GOLD арқылы жазылған абоненттің аты-жөні, ИИН мен мекен жайы көрсетіліп, төлемнің скрин нұсқасын жіберу керек.

aktogai_red@mail.ru

[Aktogai_ajary](https://www.facebook.com/a.ajary.kz)

www.facebook.com/a.ajary.kz

Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай
ауылы, Абай көшесі, 1 А.
Анықтама телефондары:
2-18-81, 2-15-39.

2024 жылғы 6 қазандағы республикалық референдумда дауыс беру қорытындылары туралы

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 31, 33-баптарына сәйкес және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық референдум комиссияларының дауыс беру нәтижелері туралы ұсынған хаттамаларының негізінде Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Республикалық референдумның дауыс беру қорытындылары бекітілсін:

1) референдумға қатысу құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны – 12 284 487;

2) дауыс беруге қатысқан азаматтардың саны – 7 820 204 немесе 63,66 процент;

3) референдумға қойылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны – 5 561 937 немесе дауыс беруге қатысқандардың 71,12 проценті;

4) референдумға қойылған мәселенің теріс шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны – 2 045 271;

5) жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің саны – 130 267.

2. «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?» мәселесі бойынша референдум өткізілді деп саналсын, өйткені референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жартысынан астамы дауыс беруге қатысты.

3. Референдумға қойылған мәселе бойынша шешім қабылданды деп саналсын, өйткені дауыс берудің нәтижесінде оның оң шешімін жақтап дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан көбі дауыс берді.

4. Орталық референдум комиссиясының референдум қорытындылары туралы ресми хабарының мәтіні қосымшаға сәйкес бекітілсін және хабар бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Астана қаласы

2024 жылғы 8 қазан

№ 48/60

ҚР Орталық референдум комиссиясы сайтынан алынды.

Ақпараттық хабарлама

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына, аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімдігіне үміткерлер назарына!

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына, аудандық маңызы бар қала, кенттер, ауылдық округ әкімдерінің сайлауына қатысатын үміткерлерге «АҚТОҒАЙ АЖАРЫ» газетінің бетінде баспасөзден орын беру төлемінің мөлшері, шарттары жайлы ақпарат. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 28-бабының 3-тармағына және «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихат депутаттарының, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округ әкімдерінің кезекті сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 21 қазандағы N439 Жарлығына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары сайлау комиссияларының ақпараттық материалдарын орналастыру үшін және тіркелген кандидаттарға және сайлауалды бағдарламаларын, өмірбаянын жариялау үшін шарттық негізде баспа алаңын ұсынады. «АҚТОҒАЙ АЖАРЫ» газетінде баспа алаңының 1 шаршы сантиметр құны 400 теңгені құрайтынын хабарлайды. Газет алаңында материалдар беру үміткерлер газет редакциясымен жасалынған жазбаша шарттың негізінде жүзеге асырылады. Үміткерлер назарына, сайлау алдындағы үгітті қамтитын материалдарда қаржыландыру көзі туралы ақпарат көрсетілуі тиіс екенін ескертеміз.

«АҚТОҒАЙ АЖАРЫ» Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы.

* Мемлекеттік қызмет және жеке сектор

Тәжірибені ел игілігіне біріктіру

Бүгінгі таңда Қазақстанда жеке секторда қызмет еткен мамандарды мемлекеттік қызметке тарту үшін барлық мүмкіндіктер жасалуда. Мысалы, конкурстық тағайындау, үлгілік біліктілік талаптардағы өзгерістер, әлеуметтік қолдау арқылы білікті кадрлар мемлекеттік қызметке еш кедергісіз келе алады. Мемлекеттің осындай қолдауына ие болған азамат Абай ауылдық округінің әкімі Ердоc Рахметоллаұлы Майлыбаев. Бүгінгі біздің мақаламыздың тақырыбы айтып тұрғандай: «Мемлекеттік қызмет және жеке сектор» болғандықтан мақаламыздың кейіпкері ретінде еңбек адамының мемлекеттік қызметке келуі, оны мемлекеттің қолдауы туралы айтпақпыз. Ердоc Рахметоллаұлы Абай ауылында туып



өскен, жастайынан ауыл тынысының жұмысын маңдай термен еңсерген азамат. Кешегі шаруа қожалық жетекшісі, АӨК төрағасы, бүгінгі ауыл әкімі Ердоc Майлыбаевты сырлы сұхбатқа шақырып, тәжірибесімен бөлісуді және мемлекеттік қызметке қалай келгендігі туралы сұрап, мемлекеттің қолдауынан үмітті азаматтарға өз тәжірибесімен бөлісуі жайлы сауалға тарттық.

– Алғаш еңбек жолымды туған жерім Абай ауылында 2004 жылы «Игілік» шаруа қожалық

құрып, ірі қара малын асылдандыру сапасын көбейту мақсатында жұмыс бастадым. Оның өзіндік қызығы да, қиындығы да болады. Бар сенгенім негізгі мамандығым



ауылшаруашылық саласының маманы болғандығымда. «Өз дегенде өгіздей қара күшіміз бар» демекші бар еңбегімізбен, ағайын-туғанның көмегімен жұмысымыз дөңгеленіп жүре берді. Шаруашылықты жұмысы жүріп жатты, мен 2012-2017 жж аралығында ҚР АШМ ББҚҚ Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясында ветеринариялық бақылау және қадағалау бөлімінің жетекші маманы және бас маманы болып қызмет атқардым. Өрмен қарай 2015-2016 жылдары Ақтоғай ауданы жаңадан құрылған ветеринария бөлімінің басмаман және бөлім басшысының міндетін атқарушы қызметін атқардым, – деп сұхбатымызды бір түйіндеп қойды.

Жастайынан еңбекке сылынып өскен Ерекең ауылда тұрған соң да болар, ауылды дамытуға, туған жерге пайдасын тигізу мақсатында, 2017 жылы мемлекеттік қызметтен туған жерге оралады. Ауыл азаматтарымен ақылдаса келе ауылдық округтегі 12 шаруа қожалығы, 13 жеке аула азаматтары бірігіп «Алаш-Агро» ауыл

шаруашылығы өндірістік кооперативін құруға атсалысып, көпшіліктің қолдауымен АӨК төрағасы болады. Білімі мен біліктілігі келіскен Ердоc Майлыбаев шағын ғана ауылдың өсуіне бір кісідей атсалысқан азамат.

– Ауылшаруашылығы оның ішінде мал шаруашылығы дамып жатқан ауылда мал сою, малды өткізу кезек күттірмейтін мәселе болғандықтан, мал сою бекетін салу керек болды. Елімізде жүріп жатқан мемлекеттік бағдарламаларды пайдалана отырып «Ынтымақ» бағдарламасы арқылы несие алып, тәулігіне 10-15 басқа арналған модульді мал сою пунктін аштық. Бұл пункттің пайдасы зор болды, көрші ауылдар, шаруа қожалықтары өз қажеттеріне жаратып, алғыстарын жаудырып жатты. Ауылда өсіп, шаруашылықпен білек түріп айналысқаннан соң болар, көптеген тәжірибе жинақтадым. Ауылдың, оның ішінде туған жерімнің тыныс-тіршілігі маған өте жақын таныс, әр шаруаны дөңгелетіп әкете беруге болады. Ойлана келе қайратымды, білімімді салып туған жерім Абай ауылына әкімдікке сайлауға түстім. Жұмыс қабілетімді



бағалап, ауылдың дамуына үлесін қосады деп сенген халқымның басым дауысына ие болдым. Сонымен, 2024 жылы қайтадан мемлекеттік қызметке оралып, Абай ауылдық округінің әкімі болдым, – деді біздің кейіпкеріміз.

PS: Білікті білім, маңдай тер, жасалған еңбек, халыққа қызмет осының бәрі – жеке сектордағы тәжірибе мемлекеттік қызметке де пайда әкелетінінің айқын дәлелі.

Г.Елеусізова.

АҚТОҒАЙ АҒАРҮ 3 2024 жылдың 17 қарашаға тағайындалған Ақтоғай ауданының Ақтоғай ауылы, Айыртас, Қусақ ауылдық округтері бойынша әкімдердің сайлауын әзірлеу мен өткізу бойынша Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының құрамы мен орналасқан жері туралы ХАБАРЛАМА

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: 100200, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 10Г, байланыс телефондары: 8(71037) 2-11-67.
Төраға – Алібаев Алтай Баймағанбетович,
Төрағаның орынбасары – Райымбеков Жанболат Жанатбекович,
Хатшы – Иманбекова Амангуль,
Комиссия мүшелері – Сейсенбаева Асем Сайлаубековна, Жумадилова Толқын Нурланқызы, Ігебек Индира Даулетбекқызы, Жунусбекова Жадыра Жумашовна.
Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

2024 жылғы 17 қарашаға тағайындалған Ақтоғай ауданының Ақтоғай ауылы, Айыртас, Қусақ округтері әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі учаскелік сайлау комиссияларының шекаралары

№ 448 сайлау учаскесі
Сайлау учаскесінің орталығы – Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 2. Мәдениет үйі.
Сайлау учаскесінің шекарасы: Ақтоғай ауылы бойынша Ә.Бөкейхан көшесіндегі № 6, 14, 16, 18, 22, 22А, 23, 24, 25, 26, 27, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 38, 38А, 39, 40, 41, 41/2, 42, 43, 44, 45, 46, 47 үйлер, Еркін ел көшесіндегі № 1, 2, 3, 12, 34 үйлер, Н.Әбдіров көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 7, 10, 12, 15, 18, 19, 20, 21, 23, 24, 25 үйлер, Қ.Сәтбаев көшесіндегі № 1, 5, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 13Б, 14, 15, 15Б, 16, 17, 19, 21, 21А, 22, 22А, 23, 24, 25, 27, 29, 30, 31, 33, 35 үйлер, Ж.Ақбай көшесіндегі № 1А, 2, 2А, 3, 4, 6, 8, 8Б, 9, 10, 10Г, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 30А, 32, 33, 41, 45 үйлер, Шәкәрім көшесіндегі № 1, 2, 2А, 3, 4, 5, 6, 6А, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16 үйлер, С.Ібраев көшесіндегі № 1, 1А, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 39, 40 үйлер, У.Жәнібеков көшесіндегі № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 24, 26, 27 үйлер, Кенішбай көшесіндегі № 4, 4А, 7, 8, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 22, 25, 26, 27, 28, 32, 33, 35 үйлер, Жосалы ықшам ауданындағы № 1, 2, 3, 4, 4А, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15Д, 16, 16А, 17, 18, 20, 21, 22, 23, 25, 26, 28, 32, 33 үйлер және Аэропорт.

№ 449 сайлау учаскесі
Сайлау учаскесінің орталығы – Ақтоғай ауылы, К.Байсейітова көшесі, 12. Ә.Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін орта мектеп базасындағы Тірек мектебі (ресурстық орталық).
Сайлау учаскесінің шекарасы: Ақтоғай ауылы бойынша Қ.Нұржанов көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 5А, 6, 7, 8, 8А, 9, 10, 10А, 11, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 23, 24, 26, 27, 30, 31, 32, 33, 35, 38, 39, 40, 42, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51 52, 53 үйлер, Ә.Ермеков көшесіндегі № 1, 2, 2А, 4, 5, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 14, 14/3, 15, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 32, 32А, 35, 36, 38, 38/3, 38А, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 47, 48, 50 үйлер, М.Ержанов көшесіндегі № 1, 3, 4, 6/1, 7, 8, 9, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 18А, 19, 19/1, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 27А, 29, 30, 31, 33, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 42, 43, 45, 50, 51 үйлер, К.Байсейітова көшесіндегі № 1, 4, 5, 5А, 5Б, 6, 7, 8, 8/2, 9, 10, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 39А, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 47А, 48, 49, 50 үйлер, Абай көшесіндегі № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 28, 29, 30, 31, 33, 34, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 43А, 44, 45, 46, 48, 49, 50, 51, 52, 67, 69 үйлер және Қоза.

№ 450 сайлау учаскесі
Сайлау учаскесінің орталығы – Ақтоғай ауылы, Нарманбет көшесі, 6. Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі.
Сайлау учаскесінің шекарасы: Ақтоғай ауылы бойынша Нарманбет көшесіндегі № 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 9А, 10А, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 19А, 20, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 33, 34, 35, 36, 39, 40, 42, 43, 44, 45, 45А, 46, 47, 48 үйлер, С.Оразалин көшесіндегі № 1, 2, 2/1, 3, 4, 5, 5/1, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 13/1, 13/2, 14А, 15, 16, 17, 18, 18А, 19, 19/2, 20, 21, 22, 23, 24, 24/2, 25, 25/1, 26, 26/2, 27, 27А, 27Б, 28, 29, 30, 31, 33, 38, 39, 40, 46/1, 46/2, 47, 60 үйлер, Ә.Найманбаев көшесіндегі № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 8А, 8Б, 9, 11, 12, 13, 14, 15, 15Г, 16, 17, 18, 18А, 18Б, 19, 20, 21, 21А, 22, 23, 25, 27, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 40, 41, 42, 43, 43А, 44, 49, 52, 867 үйлер, Тоқырауын көшесіндегі № 1, 2, 3, 6, 7, 9А, 10, 11, 11А, 13, 14, 15, 16, 18, 19, 20, 22, 23, 24, 25, 26, 28, 32, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 41, 43, 44, 45, 46, 47, 49, 50, 51, 53, 54, 55, 56, 56А, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 65, 65А үйлер, Сана би көшесіндегі № 1, 1/2, 1А, 1Б, 2, 2/1, 2А, 2Б, 3, 3А, 4, 4/2, 5, 5А, 6, 6А, 7, 7А, 8, 8А, 8Б, 9, 9А, 10, 11, 12А, 12Б, 13, 13А, 13Б, 14, 15, 16, 17, 20, 33 үйлер, М.Шорин көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 11А, 12, 13, 36 үйлер, Жидебай көшесіндегі № 1, 2, 2А, 3, 4, 5, 5/2, 5А, 6, 7, 8, 8А, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 17А, 18, 19, 19А, 20, 21, 22, 23, 23А, 24, 25, 25А, 26, 26А, 27, 28, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 40А, 42, 43, 43А, 44, 47, 48 үйлер, Патхоз, Егіндібұлақ қолқабыс шаруашылықтары және Ақсай қыстағы.

№ 485 сайлау учаскесі
Сайлау учаскесінің орталығы – Қусақ ауылдық округі, Қошқар ауылы, Мәдениет көшесі, 15. Клуб үйі.
Сайлау учаскесінің шекарасы: Қошқар ауылы бойынша Береке көшесіндегі № 2, 9, 10, 12, 13 үйлер, Бірлік көшесіндегі № 2, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13 үйлер, Сарыарқа көшесіндегі № 1, 3, 7, 14 үйлер, Наурыз көшесіндегі № 1, 3, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 14, 18, 20, 22 үйлер, Жастар көшесіндегі № 7, 9, 10, 16, 18, 21 үйлер, Бейбітшілік көшесіндегі № 1, 2, 5, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 16 үйлер, Жеңіс көшесіндегі № 1, 2, 4, 5, 6, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 16, 17, 19, 22, 24, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 35, 40, 41 үйлер, Мәдениет көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 12, 14, 18, 21, 25, 28, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 38, 40 үйлер және Орта-Жарасбай, Бас-Жарасбай, Белсенді, Қараағаш, Мыңбұлақ, Молақ, Ескі Молақ, Ортақора, Басқора, Талбасы, Бесшоқы, Сарман, Қарашілік, Екпін, Сейтімхан, Өміржан, Бала Қошқар, Керегетас, Қызыладыр қыстақтары.

№ 486 сайлау учаскесі
Сайлау учаскесінің орталығы – Айыртас ауылдық округі, Айыртас ауылы, Орталық көшесі, 7. Клуб үйі.
Сайлау учаскесінің шекарасы: Айыртас ауылы бойынша Ардагер көшесіндегі № 3, 6, 7, 8, 11 үйлер, Наурыз көшесіндегі № 4, 6, 7, 9, 10, 11, 12 үйлер, Достық көшесіндегі № 1, 3, 5, 8, 10, 11, 12, 14, 17 үйлер, Орталық көшесіндегі № 7, 9, 13, 16, 18, 22 үйлер, Жазық көшесіндегі № 3, 7, 8, 10, 12, 16 үйлер, Қобыланды көшесіндегі № 11, 14, 15, 16, 17, 19, 24, 26, 28, 30, 34 үйлер және Сәдуақас, Тазқызыл, Ойран, Өгізтау, Туайт, Маубас, Аққора, Қызылтас, Еспе, Би, Қарабас, Ақсай, Шұбарайғыр, Ешкіөлмес, Өмірсана, Әзімбай, Шұбарқұдық қыстақтары.
Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

2024 жылғы 17 қарашаға тағайындалған Ақтоғай ауданының Ақтоғай ауылы, Айыртас, Қусақ округтері әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі учаскелік сайлау комиссияларының құрамы мен орналасқан жері туралы ХАБАРЛАМА

№ 448 сайлау учаскесі
Сайлау комиссиясының құрамы
Мухамбекова Айжан Мейрамқызы – төраға
Кожамбаев Гибрат Медетович – төраға орынбасары
Шарипова Сандугаш Абзалбековна – хатшысы,
Комиссия мүшелері – Рымқанова Ардақ Әлібекқызы, Исабекова Жанар Самратбекқызы, Қайырберлі Гүлмира Қайырберліқызы, Жанат Жансерік Жанатұлы.
Сайлау учаскесінің орталығы – Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 2. Мәдениет үйі.

№ 449 сайлау учаскесі
Сайлау комиссиясының құрамы
Тусупбаева Жанар Сағынғанқызы – төраға,
Сюндикова Гульмира Сергазиевна – төраға орынбасары,
Шерубаева Гульмира Макенқызы – хатшысы,
комиссия мүшелері – Калкеева Сандугаш Хамзиевна, Туребеков Елдос Анарбекулы, Садуақасова Жанар Камеловна, Мылғалширов Ерзат Сейдоллаұлы.
Сайлау учаскесінің орталығы – Ақтоғай ауылы, К.Байсейітова көшесі, 12. Ә.Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін орта мектеп базасындағы Тірек мектебі (ресурстық орталық).

№ 450 сайлау учаскесі
Сайлау комиссиясының құрамы
Қабыл Думан Амангелдіұлы – төраға
Жумадилова Мадина Мадиевна – төраға орынбасары
Совет Рамазан Амангельдыұлы – хатшы
Комиссия мүшелері – Билисбекова Лаззат Маратқызы, Ақбасова Жанна Қайыркеновна, Тиштық Гульжазира Тиштыкқызы, Қуандыкова Жанар Бериковна.
Сайлау учаскесінің орталығы – Ақтоғай ауылы, Нарманбет көшесі, 6. Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі.

№ 485 сайлау учаскесі
Сайлау комиссиясының құрамы
Шалхарбаев Даулетбек Нұрмуханбетұлы – төраға
Калиев Базарбек Серикулы – төраға орынбасары
Тажкеева Марзия Сакенқызы – хатшысы
Комиссия мүшелері – Турсунова Ағыжан Кахармановна, Мукашева Асем Онгарбековна.
Сайлау учаскесінің орталығы – Қусақ ауылдық округі, Қошқар ауылы, Мәдениет көшесі, 15. Клуб үйі.

№ 486 сайлау учаскесі:
Сайлау комиссиясының құрамы:
Карипжанова Айжан Кумисбекқызы – төраға
Зекербай Жанаргүл – төраға орынбасары
Мустафина Алина Бейсеновна – хатшысы
Комиссия мүшелері – Авий Асхан, Шайкенов Ернұр Қайырберлинович.
Сайлау учаскесінің орталығы – Айыртас ауылдық округі, Айыртас ауылы, Орталық көшесі, 7. Клуб үйі.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

«Қараша ауыл Қаратал жағасында...»



Қазыбек Опиұлы Ешманаев – 1961 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Кенишоқы ауылында дүниеге келген.

Жезқазған құрылыс техникумын, Қазақстанның менеджмент, экономика және болжау институтын бітірген. Еңбек жолын Қаратал ауылында құрылысшы болып бастап, «Шалқар» халықтық үгіт театрында режиссер, директор болып еңбек етті. Аудандық «Тоқырауын тынысы» газетінде жауапты хатшы, редактор, Тораңғалық округі әкімі, Балқаш қаласының тұрғын үй инспекциясында инспектор қызметтерін атқарды. 2018 жылдан Е.Бөкетов атындағы университетіне қарасты «Балқаш» демалыс орнының администраторы.

Қазбек Опиұлы көп жылғы әр саладағы еңбектері үшін аудан, облыс әкімдерінің және Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаттарымен марапатталған. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

Бүгін сіздердің назарларыңызға Қ.Ешманаевтың «Қараша ауыл Қаратал жағасында...» атты кітабынан үзінділерді ұсынамыз.

Өзі мерген

Марқұм анамның аңғалдығына, адалдығына әлі қайран қаламын. Аудандық газетте редактор болып жүрген шақта Сарышаған жағынан іс-сапардан келе жатып, түн қараңғылығымен ауыл шетіне ілігіп қалғанда жүргізушім Нұржан екеуіміз жол үстінде көлікпен бір түлкі соғып алдық. Осы жасыма келгелі аң тұмсығын қанатып көрмеген мен үшін үлкен олжа.

Ертесіне ас үйдегі пеш алдында отыр ем, бұрыштан бір үй тышқаны атып шықпасы бар ма, қолыма іліккен кішкене сыпырғышты жіберіп қалып едім, дәл тұмсығына тиді ме, шалқасынан түсті. Сонда шәй ішіп отырған анам:

– Өзі мерген, кеше түлкі алды, бүгін тышқан соқты, – деп қарап отыр. Бәріміз күліп жатырмыз.

Сыртта еленбесек те «үй мергені» деген атымыз бар.

Зәрузада

Мысқыл десеніз мысқыл, емеурін десеніз емеурін, бәрі әдемі қабысып жатыр, екі иығың бүлкілдеп еріксіз күлесің. Ақтоғайда артында сөз қал-дырған адамның бірі Зәрузада Тәукеев ағамыз. «Зәкең солай депті» делінетін әңгімелер әлі де ел жадында. Зәрузада ағамыз Жәмші совхозында зоотехник-селекционер болып жүргенде алма-тылық ғалымдармен бірлесіп етті-жүнді дегерес қой тұқымын шығаруға зор еңбек сіңірген адам.

1986-1988 жылдар аралығында Мәскеудегі Бүкілодақтық ауылшаруашылығы көрмесіне екі рет қой мен қошқарын апарып, екі ретінде де жүлделі орындарды иеленіп қайтқан. (ұмытпасам қошқардың салмағы 120 кг, қой 100 кг басқан). Аудандық газетте қызметте жүргенде осы бір тыңғылықты еңбектің түп нәтижесін халыққа жария ету мақсатымен Зәкеңнен сұхбат алдым.

– Қой бар, қошқар бар және мен үшеуіміз арнайы вагондамыз, – деп Зәкең әңгімесін бастады. Жаз ортасы, күн шығып тұр. Мәскеуге дейін бір жетіден астам уақыт жол жүру керек. Әр бекетке тоқтаған сайын қошқар мен қойдың жем суын жаңартады, тастаған құмалақтарын жинап алады. Мені жан-ау деген тірі пендені кезіктермедім. Содан қойшы, қашанғы қой мен қошқардың жанында мөлііп отыра берем, ас-ауқатым да таусылды.

Бір бекетке тоқтағанда, жедел дүкеннен керегімді алып, қайта пойызға келсем, пойызым кетіп қалыпты. Жүрдек пойызға міне салып, қошқарымның артын қудым. Екі күннен кейін қайта табыстық. Сонда да қайда жүрсіз деп ешкім сұрамады менен. Оларды менен гөрі қой мен қошқардың амандығы алаңдатты ғой, – деймін деп ағынан жарылып еді.

Өз ісіне тыңғылықты Зәкең селекциялық жұмыстың қызуына кіріп кетіп, тәжірибе алаңынан кештетіп шықса, алдында ауыр халде жатыр деген ауыл ақсақалының ауласы толы адамдар дейді. Жарықтық, қайтқан екен ғой деп, «Әкем-ай, әкем-ай» – деп дауыстап үйіне кіріп барса, өлді деген шалы алдында диванда отырса керек. Сасып қалған Зәкең қайыра далаға атып шығыпты.

Болған жайтты көзбен көріп тұрған құрдастары: – Ақыр келген екенсің, екі әуре боп жүресің бе, аяқ астынан апаң жүріп кетті десе, «Апам-ай, апам-ай, апам-ай, апам-ай», – деп жалт бұрылып қайыра үйге кіріп кетіпті.

Зәкең адал да, аңғал адам. Қауаз Мұқажанов ағамыз осы кеңшардың алғаш қадасын қағып, 17 жыл басқарды. Жоғарыдағыларға жалтақтай қоймайтын, мейлінше талапшыл білікті басшы болған деседі.

Зәкеңнің еңбегі еленіп, алдында ғана «Москвич» жеңіл көлігін алса керек. Директор бүгін шаруашылықтарды аралауға тиіс деген жоспармен, сұранбай ол келгенше аудан орталығына барып келмекке бекінеді. Қыстың күні грейдерде ағып келе жатса алдындағы қайқаннан УАЗ көлігі атып шығыпты.

– Аттан, Қауаз, – деп рульді қоя беріп жанындағы орындыққа жантая кетіпті. Көлік екі аунап түссе керек. Қаукең шын мәнінде қыстақ аралап кетіпті, бұл мүлдем басқа УАЗ көрінеді.

Ел аузында сол «Москвич» көлігіне салынған гараждың өзі бір хикая.

Барлық құрылыс материалдарын әзірлеп қойып, балалары әкелерінің жұмыстан босауын тосып жүрсе керек. Зәкең тағы іссапарға кететін болған соң, балалары «онда орнын сызып беріп кетіңіз» дейді ғой. Көліктің тұрған жерінде сыртынан шырк айналдыра сызып, іссапарына кетеді. Балалары да өзіне тартқан білем, сол сызықтан асырмай төрт қабырғасын келгенше көтеріп қойыпты. Көлік гаражға кіруін кіреді екен да, бірақ есіктері ашылмайды.

Зәкеңнің әкесі Төлеуқұл әкеміздің де көңілге түйер күлкілі жәйттері аз болмаса керек. Ақтоғай әуе айлағында комендант болып қызмет атқарған Төкеңнің АН-2 самолетіне жұртты қалай мінгізіп, қалай шығарып салғанын көз көргендері бір таң жырлайды.

Оңаша орналасқан Ақтоғайдың аэропортында Төкеңнің замандастары таңды таңға ұрып проферанс сызады екен. Бірде біреудің телефонын сұраса, құрдастары Төкеңнің өзінің үйінің телефонын айта салады, білем. Аңғал адам аңғара ма, телефон тұтқасын әржағынан үйде отырған шешеміз көтеріпті.

Сонда Төкен:

– Сен қатын ол үйде нағып жүрсің? – десе керек.

Зәрузада ағамыздың үйіндегі жеңгеміз Алматы жақтан, қаланың қызы. Алғаш үйленгенде әкешешесінің үйінің алдындағы екі бөлмелі сарайда тұрыпты. Жастық желік екі-үш күнде бір сылқия тойып ішіп келеді екен. «Ойбай, көрші мас» – деп Төкен өз үйінің күршегін іліп алып жүрген мезет те осы шақ.

Зәкеңнің ішіп келген сайын былғанған киімдерін ертесіне жеңгеміз түк болмағандай тазартып, ағамызды жұмысқа шығарып салады екен. Таңданысын жасыра алмаған Төкен әкеміз:

– Ел осындай қатынды қайдан табады, – деген екен. Зәкең бүгінде аудан орталығында тұрады, сол баяғы «натуральный» қалпы баладай ақкөңіл, нанғыш, сенгіш.

«Алашағың кетсе де, айташағың кетпесін», – деген қазақ емеспіз бе? Бір әңгіме есіңе түсіп ойлансаң, ол ой он әңгімені қозғайды. Өзіл көбіне құрдастар аралық, болмаса жезде мен балдыз арасында өрбиді. Соған бір дәлел Балзияның сыныптастары 1966 жылғы түлектер. Ұл-қыздарына рахмет, бәрі дерлік сыйлайды.

Түсіпбеков Қанат пен төре Омаш маған бір құрылыс материалдарын әкеліп бермекке уәде берген. Қанат пен Омаш екеуі де әйелдерімен айрылысып, «айлас қатын мұңдас», – демекші ішіп-жемі бірге болып жүрген шақ. Бекайдар балдыздың көлігімен, дәуде болса Омаш төренің үйінде жатқан шығар деп барсақ, түнімен бұрқыратқан қос балдыз залда қос төсекте ұйықтап жатыр. Қанат еңгезердей ірі жігіт қой, Омаш болса бір-ақ уыс. Қанаттың кеудесіне басын тығып алған. Бекайдар айғай салып еді, екеуі бастарын көтерді.

– Екеуің екі қызбен жатыр ма десем, албасты басқырлар, масқара болдық қой. Енді Қазағанның өлеңіне ілігесіңдер, – дегені. Алла аузыма салды ма, ұйпа-тұйпа екеуін көріп, бір шумақ өлеңнің сап ете қалғаны:

Толғайды тоқсан күйін далам дәйім,

Мен енді көрген жайды баяндайын.

Қанат пен Омаш жатыр қос төсекте,

Кәдімгі Қозы менен Баяндайын.

Кешіне жеткізбей олар уәдесін орындады. Бірақ біраз күн, бір шумақ өлең құрдастар аралық қалжыңға тұздық болып еді.

Асылмұрат пен Нұрлан

Өнерге, халыққа мінсіз қызмет студің жарқын үлгісіне айналған қос ағамыз Асылмұрат Аханов (марқұм) пен Нұрлан Күлшікенов аудандық мәдениет бөлімінде басшылық қызметте жүргенде кезектесіп қышқылдап қояды екен. Мәдениет бөлімінің жұмыскер, қызметкерлері де мәдениетті ғой, сұраған елге ішіп кетті демей «атқа мініп кетті», – дейді екен. Аяқ асты басшылар келіп, марқұм Кішкентаев Болаттан:

– Асылмұрат қайда? – деген ғой.

– Атқа мініп кетті, – депті.

– Онда Нұрлан қайда, Күлшкенов? – десе, Болат:

– Мінгесіп кетті, – депті.

«Әділін айтсам Алла дос, бұрыстау айтсам шайтан хош», – деп Қашаған жырау айтқандай, еш қоспасы жоқ күнделікті күйкі тірлікте туындап жатқан осы сынды әңгімелер жырдай жарқырап, халықтың арасында ауызба-ауыз тарауда.



Рымбай мен Айтан ағаларымыз

Мысалға Рымбай әкемізді алайық. Ұлы Отан соғысының 9 мамырдағы аудандық мәдениет үйінде өтіп жатқан салтанатты жиынында, соғыс жайын асыра әсірелеп жіберген қанды көйлек ауылдастарына:

– Сендер өзі немістен түк қалдырмапсыңдар ғой, бәріміз де сол қырғынның басынан аяғына дейін қатыстық, «ат» деді аттық, «жат» деді жаттық, өз басым тірі немісті Ақтоғайға келгенде бірақ көрдім, –д еп ағынан жарылыпты.

Ол кезде аудан орталығындағы халықтың отыз пайызы немістер болатын.

«Заманына қарай адамы», – демекші, арақты ұлттық асымызға айналдырып жібере жаздаған солақай саясаттың салдарынан топырақты өлімде де жарыса ішуімізге жол ашылды емес па? Арақты алғаш ішкен адамды концерт көргендей бүкіл ауыл болып тамашалайды екен. Өлара шақтың өкілі Айтан әкеміз:

– Түске дейін Айтанмын, түстен кейін сайтанмын, – деп жүрген мезгіл дәл осы тұс. Өйткені өзі бөлімше меңгерушісі Айтекеннің түске дейін мойнында жауапты іс бар. Түстен кейін бастайды білем. Кейіннен аудан орталығына көшіп келген соң, көршілері бірде шекеге шақырады. Бізде омыртқаға деп шақырылсаңыз өзіңізге тиесілі сыбағанызды жейсіз, ал, шекеге деп шақырылсаңыз үй иелері ата-бабаларына құран бағыштатады. Шекеге шақырылған Айтекеңе заты қожа ғой, құран оқыңыз десе келістіре күңіретіп жіберсе керек. Ауру қалса да әдет қала ма, дастарханға арақ келеді. Сонда зорға отырған Айтан әкеміз:

– Қарағым, маған анау үлкендеу стақанға толтыра күйшы, – деген екен. Қолқасы орындалып бабында отырған сәтте, сол үйдің қызы ма біреуі:

– Аға жаңа құран оқыдыңыз, өзіңіз қожасыз,

мынауыңыз не? – десе Айтекең:

– Шырағым, тозаққа күйетін өзім ғой, оған сенің нең кетіп барады, бар болса тағы бір қайталап жіберіңдер, – деген екен.

Айтекең әкеміз сияқты жаратылыс-табиғаты жағынан бірі-біріне ұқсамайтын күрсінгенді күлдіріп, жылағанды жұбатып, төңірегіне күлкіден шуақ шашып жүретін аңғал әпенделер әр ауылда болған.

Қай ауылдан екені есімде жоқ, сондай бір ақкөңіл ағамыз бөлімше басқарады білем. Ол кезде он жылдық мектепті бітіргені жөніндегі аттестатты жұмыс күші жетпей ма, көбісі сырттай оқып алатынының шет жағасын көргенбіз.

Содан басқарма ағамыз емтихан тапсыруға келеді. Сынақ алып отырған комиссия мүшелерінің дені өзінің құрдастары болса керек, бөтелкені бірге босатып жүрген. Терезеден көріп қалып:

– Бөленшекен келе жатыр, билет алдырмай-ақ спирттың формуласын тақтаға жаз деп айтайық, – деп бір ауыздан келіседі ғой.

Химия пәнінен кезекті сынақ болуы керек, кабинетке кірген бойда билет алуға оқталған ағайға:

– Сізді білеміз ғой билет алып әуре болмай-ақ, бізге тақтаға спирттің формуласын жазып берсеңіз жарар еді, – дейді ғой. Басынан сөз асырар құрдасы бар ма:

– Е, спиртке не формула керек, шамаңа қарай су қос та, тартып жібер, – деген екен. Қапелімде сасып қалған комиссия төрағасы:

– Енді нені қояйық өзіңе десе?

Ағамызда саспастан:

– «5»-ке өздерің де білмейсіңдер, үш қоюға менен ұяласыңдар, екі ортада бір баға болса соны қоя салыңдар, мен кетейін, – деп «4» алып кеткен екен.

Осы бір келіншек кім екен?

Әкейді жөнелтерде Әуелбек жиен мен Әлекең жездеміз кіріс-шығысты жазуға отырды. Боранның кесірінен бес күн мәйітті аялдауға тұра келді. Оның үстіне 90-ға жуықтап қайтқан адамдікі той ғой. Әуелбектің үйіндегі Айтбала жеңгеміз шаруашылық жұмыстарымен жүріп, қайта-қайта Әлекеңдердің алдынан өте берсе керек. Көлденең өткенді құр жібермейтін Әлекең:

– Әуелбек, осы бір келіншек кім? Келісті екен өзі,

– дейді ғой тамсанып.

Әуелбек те танымағанып «менің де көзім түсіп

жүр еді, вқусыңыз жаман емес екен Әлеке, қай

ширағымыз қимылдап қалайық», – деген екен.

Өткен өмір жолы тарихқа айналып, алыстаған сайын кимас қадыр-қасиеті көз алдымызда елес болып өтіп жатқан, аудан мәдениетін көркейтуші, алты Алашқа жайылған атақты «Ақтоғайым» әнінің авторы Дәртай Сәдуақасов ағамыз айырықша талант еді ғой!

Сол Дәртай ағамызды «Шалқардың» кезекті концерттік бағдарламасын дайындау кезінде, қызып алған менің Жәңгір ағам боктады. Боктағанда да (жынды) Ысқақ әкеміз құсап келістіріп тұрып боктады.

Дайындық барысында соңғы хор шықпай қойды. Дәкең де отырып алады, баянын созғылап қайта-қайта қайталатады.

Әбден мезі болып қажыған Жәңгір ағам:

– Аяғыңды, таяғыңды, баяныңды қосып бәлен етейін, қайтшы, Ақтоғайыңа, – дегені.

Сонда Дәкең:

–Қожалар боктамаушы еді, мынау Жынды Ысқақ әкеміз құсап келістіріп сыбады, ал демдерінді алыңдар біраз, – деп өзіде бір масаттана күліп алып еді жарықтық.

Өресінің биіктігі емес пе, үлкен басын кішірейтіп тұрғаны. Дәртай әкеміздің қикар көрінетін кейбір қылықтарының әр жағында үлкен рухани қайсарлық жатушы еді. Осы жерде есіңе еріксіз жазушы, ғалым Ақселеу Сейдімбектің:

- Жынды Ысқақ ақсақалдың балағаты қазақ әдебиетіндегі зерттелмеген, өте қызық, ерекше жанр, – деген бағасы түседі.

Шәкіжан мен Айтжан

Ауылдастар арасында Мәкәрім, Айтжан, Шәкіжан әкелереміздің де құрдастық наздары өздеріне ғана жарасатын, әдемілікпен өрілетін.

– Айтжан Мәрзияны аларда жгігіт жолдас болып мен бардым,-дейді Шәкіжан әкеміз. Бөлендінің үйі Мәстекте отыр екен. Айтжаның аруын көр-мекке ынтығып, түпкі бөлмеге кірсем, шашы да таралмаған, пұшық бір қара қыз отыр.

– Сен бе, Айтжанның алайын деп жүргені?– деуім мұң екен, қолымды тырнап алды. Тырнағының ұзындығы жарты метр екен.

Содан қойшы, Мәрзияны алып шықтық. Өзінше қимаған боп жолда кемсеңдеп қояды. Мен арбада ат айдаушы. Айтжан жаман бір қотыр тайға мініп алған, арбаның біресе мына жағына шығады, біресе мына жағына шығады. Өзінше жақсы қатын кезікті деп келе ма, әйтеуір мәз,-дейді.

Бірінің айтқанын біріне жеткізіп, ретін тауып қос құрдасты кездестірем, Айтжекеңнің мысы басып кете ме, Шәкіжан әкеміз Айтжекеңді көрген бойда тіл күрмеледі де қалады.

«Ортақ өгізден, оңаша бұзауым артық» қағидатымен жаппай жекешелендіру басталғанда Айтжекең әкеміз бен Мәрзия шешеміздің балалары Шолақеспе қыстағын алып, мал басын көбейтпек қамына кірісті. Жаз шыға бие байлап, үлкендер жайлауда болады. Содан Шәкеңе келдім де:

– Ана құрдасыңызды қараңызшы, бәйібішесі жанында, таза ауа,ішкені қымыз, жегені бағылан марқа, жатыр демалып, кигіз үй тіккен көгалда,-деймін ғой.

– Нағылған демалыс, жаман қатынын Мәкәрімнен қызғанып, тау-таудың ішінде безіп жүр да сорлы,-дейді.

Содан Айтжекеңе келем, Шәкіжан құрдасыңыз солай,–деп жатыр деп.

– Мен құсап кетіп қалайын десе дәу қатынын тиейтін көлік жоқ ауылда, үйден биттей аттаса іргеде аңдып Мәкәрім отыр, сонымен мың қатып отырған мен емес өзі шығар,-дейді Айтжекең бір мырс етіп.

«Жақсылар сөзі-майсатай», – демекші астарлы сөзге сән берген қайран әкелерім-ай!

Сатираның саңылағы, Оспанхан Әубәкіров ағамыз: «Салақтатып сыртқа шығарып қояр болсақ, бәрімізде де сумаңдайтын тіл бар», – дейді-ау шіркін.

Тілді тістеп жүру үшінде бермеген. Тіл өзімдікі екен деп қақсайтынды да, отампазды да көргенбіз, осылардың бәрінен, менің ауылымдағы алдыртпайтын Айтжекең мен қазақы сөзде шатылмайтын Шәкіжан әкем артық. Сондықтан күнің барда күліп жүргенге не жетсін!

Сендерге не болды?

Тоғызбайдағы қамбаға жиналған бидайдың қорын анықтау, бөліністер мәселесімен Әзекеңе көмекишіліке Қабекеңді іс сапарға жіберсе керек. Жүргізушісі Әшім. (Әйем, дейміз)

Орталықтан кештеу шыққан Қабекең жолда Жапалақ қыстағында мал бағып отырған ағайынды, қос жиендері Қабиболла, Сағидоллалардың үйіне қонып, ертеңгісін ерте қырманда болмаққа бекінеді. Қазан көтеріліп, түнімен қос жиеннің сый құметіне бөленген Қабекең тәңертеңгілік шәй дастарханына жайғасады. Содан қойшы екі ағайындының баласы бірін-бірі түртіп кетіп, екі бала шекісіп тынады білем. Оларды арашаламақ болған екі абысын ұрсысады. Тосып отырған шәй жайына қалады.

- Сендерге не болды? қойсаңдаршы, шәй ішейік,-деген Қабекеңнің ескертпесін тыңдар жан жоқ. Дауыстары да үдеп, қонақ жайына қалса керек. Қабекең де қарап отыра қоятын кісі ма, өзімен бірге шәй тосып отырған жүргізушісі Әшімнің үстіне қарғып мініп:

- Ой, әкеңнің сенен-ақ көрдім-ау, – деп тәмпештей жөнеліпті. Шалт қимылдан сасып қалған Әйем:

- Ойбай, ағатай жын соғып кетті ма, сізге не болды, – деп дауысы қатты шығып кетсе керек. Тосын айғайдан жанжалдарын кілт тоқтатқан қос абысын:

- Сіздерге не болды?– деп жандарына жетіп кетті. Сонда Қабекең:

- Сендерге не болды?-деген екен.

АҚТОҒАЙ АҒАРҰ

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін (жалға) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру бойынша конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАМА

611 қазан 2024 жыл

2024 жылдың 2 желтоқсан сағат 15.00-де, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы Ә.Бөкейхан көшесі мекенжайы бойынша орналасқан Ақтоғай ауданы әкімдігінің кіші акт залында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін (жалға) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру бойынша конкурс өтеді.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар беріледі:

- конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- конкурстық ұсыныс.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімді тіркеу және қабылдау 2024 жылдың 11 қарашасынан 2024 жылдың 29 қарашасына сағат 18.30-ге дейін, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы Ә.Бөкейхан көшесі 10Г (2 қабат, «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ) мекенжайында орналасқан ММ-де жүзеге асырылады.

Конкурсқа қатысуға өтінім, өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанша, қағаз тасы-ғышта қолма-қол не почта арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беріледі. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес

тұлғалары туралы мәліметтер;

- жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;
- өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;
- конкурстық ұсыныс;
- өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Конкурсқа Қазақстан Республикасының белгіленген тәртіпте тіркелген мемлекеттік емес заңды тұлғаларымен (шетелдік заңды тұлғалардан, сондай-ақ жарғылық капиталында шетелдіктердің, шетелдік заңды тұлғалардың, азаматтағы жоқ тұлғалардың үлесі елу пайыздан астамынкұрайтын заңды тұлғалардан басқа) Қазақстан Республикасының азаматтары ақпараттық хабармен орнатылған мерзімінен кешіктірмей конкурсқа қатысуға өтінім рәсімделген жіберіледі.

Келесі жер учаскелері конкурсқа шығарылады, төменде көрсетілген кестеге сәйкес:

№	Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округ манайы, жер учаскесінің лот №	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандауы	Жалпы ауданы, га жалға беру мерзімі, жылы	Алқаптардың құрамы, оның ішінде				Орташа балл бонитеті	Сумен қамтамасыз етілуі	Өзгеде
				Егіс-тік	Шабын-дық	Жайылым-дық	Басқа алқаптар			
1	Қарабұлақ ауылдық округі лот №50	Мал шаруашылығы	27,0000	12 жыл		27,0000		14	Қамтамасыз етілмеген	
2	Жер қоры лот №51	Мал шаруашылығы	4000,0000	12 жыл		3995,0000	5,0000	5	Қамтамасыз етілмеген	
3	Қусак ауылдық округі лот №52	Мал шаруашылығы	467,9298	12 жыл	75,0000	392,4298	0,50000	15	Қамтамасыз етілмеген	
4	Қусак ауылдық округі лот №53	Мал шаруашылығы	1450,0000	12 жыл	200,0000	1244,0000	6,0000	14	Қамтамасыз етілмеген	
5	Қусак ауылдық округі лот №54	Мал шаруашылығы	1503,9741	12 жыл		1197,0000	6,9741	9	Қамтамасыз етілмеген	
6	Шабанбай би ауылдық округі лот №55	Мал шаруашылығы	849,0000	12 жыл	200,0000	643,0000	6,0000	9	Қамтамасыз етілмеген	
7	Жер қоры лот №57	Мал шаруашылығы	260,0000	12 жыл		259,0000	1,0000	2	Қамтамасыз етілмеген	
8	Айыртас ауылдық округі лот №58	Мал шаруашылығы	690,5000	12 жыл		686,0000	4,5000	13	Қамтамасыз етілмеген	
9	Жер қоры лот №61	Мал шаруашылығы	909,8055	12 жыл		907,6055	2,2000	2	Қамтамасыз етілмеген	
10	Қусак ауылдық округі лот №65	Мал шаруашылығы	1200,0000	12 жыл	1100,000	97,0000	3,0000	11	Қамтамасыз етілмеген	

Конкурсты ұсыныста:

- бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);
- шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфра құрылымын дамыту іс шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;
- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №19893 болып тіркелген) бекітілген, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар

болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс 2024 жылдың 2 желтоқсан сағат 15.00-ге дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Конкурс Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары- Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсанындағы № 518 бұйрығымен бекітілген «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қағидағы және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер Кодексінің 43, 43-1, 48 бабының талаптарына сәйкес өткізіледі.

Қосымша ақпаратты, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы Ә.Бөкейхан көшесі 10Г (2 қабат, «Ақтоғай ауданының жер қатынастары , сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ) мекенжайында орналасқан, «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» Мемлекеттік мекемесінен ала аласыздар. Байланыс телефондары: 8710-37-2-12-92; 2-13-83, электронды мекенжайы _aktogai_zher23@mail.ru.

«Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ.

ИЗВЕЩЕНИЕ

о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства в Актогайском районе Карагандинской области

10 октября 2024 года

2 декабря 2024 года в 15-00 часов в здании акимата района, малый актовый зал село Актогай, улица Ә.Бокейхана, 4, расположенного по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, село Актогай, улица Ә.Бокейхана, 4 состоится конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Для участия в конкурсе подаются следующие документы:

- Заявка на участие в конкурсе;
- Конкурсное предложение;

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе будут осуществляться с 11 ноября 2024 года до 18:30 часов 29 ноября 2024 года в ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства», расположенного по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, село Актогай, улица Ә.Бокейхана, 10Г.

Заявка на участие в конкурсе подается на бумажном носителе нарочно либо по почте или посредством веб-портала «электронного правительства» до окончания срока представления заявок.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного

землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

- для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его местонахождение, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;
- для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;
- местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;
- конкурсное предложение;
- обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского

(Жалғасы 8-бетте).

Ақтоғай ауданы әкімінің жастар кәсіпкерлігін қолдау мен дамытуға арналған гранттарын беру туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Ақтоғай ауданы әкімінің жастар кәсіпкерлігін қолдау мен дамытуға арналған гранттарын беру туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және бизнес-идеяларды іске асыру, жаңасын ашу және қолданыстағысын дамыту үшін гранттарды конкурстық іріктеу тәртібімен берудің шарттары мен тетігін айқындайды.

Ақтоғай ауданының кенттері мен ауылдық округтерінде үміткерлердің тұрақты тұратын және тіркелген жері бойынша бизнес жүргізеді.

1.2. Ақтоғай ауданы әкімінің жастар кәсіпкерлігін қолдауға және дамытуға гранттар беруге арналған Конкурс жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастарды жұмысқа орналастыру, жас кәсіпкерлерді кәсіби дамыту, аудан жастарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, сондай-ақ жастардың дағдылары мен іскерліктерін қолдану және іске асыру мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында өткізіледі.

1.3. Гранттар нысанындағы жастар кәсіпкерлігін қолдау шараларын қаржыландыру қаржыландыру жоспарына сәйкес аудандық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Грант сомасын жобаның нақты бизнес-жоспарын іске асыру үшін қаржылық қажеттілікке байланысты комиссия анықтайды.

1.4. Конкурсқа қатысушылар болып табылатын гранттар алуға үміткерлерден құжаттарды қабылдауды, гранттар беру туралы шешімдерді талқылауды және қабылдауды Ақтоғай ауданы әкімінің жастар кәсіпкерлігін қолдауға және дамытуға арналған гранттарын беру жөніндегі комиссия (бұдан әрі-комиссия) жүзеге асырады.

2. Гранттар беру шарттары

2.1. Гранттар беру конкурсына Ақтоғай ауданында кемінде бір жыл тұрақты тұратын және тіркелген 18 жастан 35 жасқа дейінгі (коса алғанда) жастар қатыса алады.

2.2. Жастар кәсіпкерлігін қолдау мен дамытуға арналған гранттар бір рет беріледі. Конкурсқа қатысуға 2020-2023 жылдары Қарағанды облысы әкімінің және Ақтоғай ауданы әкімінің жастар кәсіпкерлігін дамытуға гранттарын алған, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде мемлекеттік гранттарды алған кәсіпкерлерге, сондай-ақ күндізгі оқу нысанындағы ЖОО студенттеріне, мемлекеттік қызметшілер, азаматтық қызметшілер және бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері жіберілмейді.

2.3. Жастар кәсіпкерлігін қолдау мен дамытуға арналған гранттар комиссияның шешімі бойынша өтеусіз және қайтарымсыз негізде конкурстық іріктеу тәртібімен үміткерлердің тұрақты тұратын жері бойынша Ақтоғай ауданының елді мекендерінде бастапқы жобаны іске асыру не жұмыс істеп тұрған бизнесті дамыту үшін беріледі.

2.4. Грант қаражаты бизнес-жоспарға қатаң сәйкес жобаны іске асыру үшін қажетті еңбек құралдарын, технологиялық жабдықты сатып алу, үй-жайларды жалға алу ақысын төлеу (20%-дан аспайтын) және т.б. үшін нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылады.

2.5 Гранттар тұтыну мақсаттарына, кредиттік қарыздарды өтеуге, тұрғын үй жылжымайтын мүлігін сатып алуға және салуға, жер учаскелерін сатып алуға және т.б. берілмейді.

3. Комиссия қызметін ұйымдастыру және гранттар беру тәртібі

3.1. Грант алуға үміткерлердің өтініштерін қарау үшін жергілікті атқарушы және өкілді органдардың, өңірлік кәсіпкерлер палатасының, шағын және орта бизнестің, жұртшылықтың өкілдерінің қатысуымен комиссия құрылады.

3.2. Комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан және Комиссия мүшелерінен тұрады. Комиссия төрағасы аудан әкімінің орынбасары болып табылады. Комиссия хатшысының шешім қабылдау кезінде дауыс беруге құқығы жок. Комиссия конкурстық өтінімдерді іріктеу және бағалау кезінде консультация өткізу үшін мемлекеттік органдардың, бизнес-қоғамдастықтың, қаржы ұйымдарының өкілдерін және өзге де мүдделі тараптарды отырыстарға шақыруға құқылы.

3.4. Жұмыс органы ұсынылған өтініштер мен құжаттар негізінде гранттар алуға үміткерлердің тізімін қалыптастырады және конкурсқа қатысушылардың ұсынылған құжаттарымен бірге комиссияға ұсынады.

3.5. Комиссия хатшысы комиссия отырысын ұйымдастыруды жүзеге асырады, төрағамен келісім бойынша отырыстың өткізілетін орны, күнін және уақытын айқындайды, комиссия мүшелеріне алдағы отырыс туралы хабарлайды, отырысты өткізу үшін қажетті материалдарды оның мүшелеріне жеткізеді.

3.6. Комиссия отырысы, егер оған оның құрамының

кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысса, заңды деп есептеледі. Комиссияның әрбір мүшесі бір дауыс беруге құқылы.

3.7. Құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған күннен бастап, Комиссия үш-бес жұмыс күні аралығында қарайды, қажет болған жағдайда үміткердің міндетті қатысуымен жеке әңгімелесу, презентация, бизнес-жоспарларды қорғауды жүргізеді, грант алуға үміткер адамдардан қосымша құжаттарды сұратады; ұсынылған жобалар мен құжаттардың бизнес-жоспарларының белгіленген талаптарға сәйкестігі, Бизнесстің дайындығы мәніне талдау және бағалау жүргізеді-енгізуге арналған жоспарды, нақты елді мекен үшін таңдалған қызмет түрінің өзектілігін, бизнес-жоспарды іске асыру перспективаларын және аумағында жобаны іске асыру жоспарланып отырған кент, ауыл, ауылдық округ әкімдігінің мониторингтік тобының қорытындысын ескере отырып, одан әрі дамытуды көздейді.

3.8. Үміткерееер ұсынған құжаттарды қарау, талдау және бағалау нәтижелері бойынша комиссия әрбір кандидатура бойынша жеке-жеке ашық дауыс беру арқылы грант беру не бермеу туралы шешім қабылдайды. Егер үміткерге отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелерінің кемінде ¾ (төрттен үші) дауыс берсе, грант беру туралы шешім қабылданады. Дауыстар тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

3.9. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді, оған қатысып отырған Комиссия мүшелері қол қояды .

3.10. Жұмыс органы қабылданған шешім туралы конкурсқа қатысушыларды хабардар етеді, он жұмыс күні ішінде конкурстық іріктеуден өткен әрбір Грант алушымен Ақтоғай ауданы әкімінің жастар кәсіпкерлігін қолдауға және дамытуға грантын беру туралы шартқа (бұдан әрі-Шарт) – конкурстық іріктеуден өткен әрбір адаммен жасалатын «Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі»ММ, «Ақтоғай ауданының жастар ресурстық орталығы» КММ және грант алушы үшжақты жазбаша келісімге қол қояды.

3.11. Жастар ресурстық орталығы шарт жасалған күннен бастап он екі ай ішінде қаражаттың мақсатты пайдаланылуына мониторинг жүргізеді.

Жастар ресурстық орталығы тоқсан сайынғы негізде жұмыс органына грант алушылардың бизнес-жобасын іске асыру туралы мынадай ақпаратты қамтитын есепті ұсынады:

- Гранттар алған адамдардың саны туралы;
- грант алушылар құрған жұмыс орындарының саны туралы;
- сатып алынған құрал-жабдықтардың, еңбек құралдарының, технологиялық жабдықтың саны, түрлері туралы, сондай-ақ үй-жайларды жалдауға ақы төлеуге бағытталған қаражат туралы ақпарат қамтылуға тиіс;
- грант алушының Шарт талаптарын орындауы туралы;
- гранттың нысаналы пайдаланылуы бойынша мониторинг нәтижелері туралы ақпаратты қамтуы тиіс.
- Грант алушыға ақшалай төлемдерді жүзеге асырудың міндетті шарты:

- жеке кәсіпкер ретінде тіркелуге (тіркеу болмаған жағдайда), ЖК таратуға және жабуға грант алған сәттен бастап үш жыл ішінде жол берілмейді;
- дара кәсіпкер үшін банктік шот ашу (осы шот болмаған кезде);
- «Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ, «Ақтоғай ауданының жастар ресурстық орталығы» КММ және Грант алушы арасында грант беру туралы үшжақты шарт жасасу.

3.13. Күтпеген мән-жайлар не грантты нысаналы пайдалану мүмкін болмаған жағдайда, Грант алушы жазбаша өтініш негізінде берілген гранттан бас тартуға және пайдаланылмаған қаражатты қолданыстағы заңнамаға сәйкес аудандық бюджетке (коды 206 109) қайтаруға құқылы.

3.14. Конкурстық өтінімдерді қабылдау туралы ақпараттық хабарлама Ақтоғай ауданы әкімдігінің және жұмыс органының ресми сайттарында және Ақтоғай ауданы аумағында қолжетімді өзге де ақпараттық ресурстарда жарияланады. Ақпараттық хабарламада конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізбесі, конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімдері, құжаттарды қабылдау пункттерінің мекенжайлары, консультациялар, көрсету үшін телефон нөмерлері көрсетіледі.

3.15. Конкурстық өтінімдерді қабылдауды жұмыс органы құжаттарды қабылдау пункттерінде ақпараттық хабарламада көрсетілген мекенжайлар бойынша қолма-қол тәртіппен қамтамасыз етеді. Ақпараттық хабарламада көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімі өткеннен кейін ұсынылған конкурстық өтінімдер қабылданбайды.

3.16. Ақтоғай ауданы әкімінің жастар кәсіпкерлігін қолдау мен дамытуға арналған гранттарына құжатарды

қабылдау 2 қазан мен 16 қазан аралығында жүргізіледі.

Тиісті ақпаратты «Ақтоғай аудандық ішкі саясат бөлімі» ММ-сінің 8(71037) 1856, 8(71037)21806 немесе «Ақтоғай жастар ресурстық орталығы»КММ-сінің 8 (71037) 21355 8 (707) 952-25-04 тел арқылы білуге болады.

4. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі

- Осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысуға өтініш;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (салыстыру үшін құжаттың түпнұсқасы ұсынылады);
- Ақтоғай ауданының аумағында тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен тіркеу туралы мәліметтер;
- осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес үлгілік құрылым бойынша әзірленген жобаның бизнес-жоспары;
- қорғауға арналған жоспардың презентациясы;
- дара кәсіпкердің ағымдағы банктік шотының болуы туралы анықтама;
- дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі (жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер үшін);
- «жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар», «мүмкіндігі шектеулі» мәртебесін растайтын құжат (анықтама, болған жағдайда).
- 2-Үміткер тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, жұмыс органы ұсынылған құжаттарды нақтылы кемшіліктерді көрсете отырып, пысықтау үшін үміткерге қайтарады. Пысықталған құжаттар топтамасы бір күн ішінде ұсынылмаған жағдайда, жұмыс органы қатысушыны конкурстық өтінімнің қабылданбағаны және Грант беру конкурсына қатысуға жіберілмегені туралы хабардар етеді.
- Комиссияның сұрау салуы бойынша аумағында бизнес-жобаны іске асыру жоспарланып отырған кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері үш жұмыс күні ішінде мониторингтік топты ұйымдастырады және сол жерге барып, конкурсқа ұсынылған бизнес-жобаны елді мекен аумағында іске асыру перспективаларына объективті талдау жүргізеді, оның қорытындысы бойынша Комиссияның қарауына бизнес-жобаны іске асыру үшін талдамалық жазба ұсынады. (кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қолымен).

5. Гранттарды пайдалану мониторингі

5.1 Гранттарды нысаналы пайдалану мониторингін шарт жасалған күннен бастап 36 ай ішінде «Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ, «Ақтоғай ауданының жастар ресурстық орталығы» КММ-мен, бизнес-жобаны іске асыру орны бойынша кенттердің, ауылдық округтердің және ауылдардың әкімдерімен бірілесіп жүзеге асырады.

5.2 Грант алушы грант алған сәттен бастап алты ай ішінде жұмыс органына бизнес-жоспарға сәйкес еңбек құралдарын, технологиялық жабдықтарды сатып алуды, үй-жайды жалға алу ақысын және т.б. растайтын төлем құжаттарын ұсынады.

5.3 Грант алушы әрбір жартыжылдықтың қорытындылары бойынша шартқа қол қойған күннен бастап отыз алты ай ішінде (01 қазанға дейін және 31 желтоқсанға дейін) кәсіпкерлік қызметтің жай-күйі, құрылған жұмыс орындарының саны және т.б. туралы ақпаратты қамтитын бизнес-жоспардың іске асырылуы туралы есепті (оның ішінде фото- және бейнематериалдар) ұсынады. Грант алушы бизнес-жоба бойынша кәсіпкерлік қызмет туралы материалдарды БАҚ-та және әлеуметтік желілерде жариялауға келісім береді.

5.4 Грант қаражатын мақсатсыз пайдалану фактісі анықталған жағдайда жастар ресурстық орталығы анықталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген факт туралы жұмыс органын жазбаша хабардар етеді.

Жастар ресурстық орталығы ұсынған ақпарат негізінде жұмыс органы грант алушымен шартты бұзу туралы шешім қабылдайды.

Жұмыс органы шартты бұзу туралы шешім қабылдаған жағдайда

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған Грант қаражатын қайтару бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

Қаражат мынадай жағдайларда (растайтын құжаттар болған кезде) қайтарылуға жатпайды:

- грант алушы қайтыс болған жағдайда;
- грант алушы хабар-ошарсыз кетті деп танылған немесе ол қайтыс болды деп жарияланған жағдайларда;
- грант алушы банкрот деп танылған жағдайда;
- грант алушының іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған жағдайда.

Ақтоғай жастар ресурстық орталығы КММ.

* Президент тапсырмасын орындай отырып...

Ұялы байланыс орнатылды



– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл тұрғындарының қала тұрғындары сияқты заманауи цифрлық қызметтер мен өнімдерге қол жеткізуі керектігін өзінің кезекті Жолдауында айтып,

күзирлы орындарға тапсырма берген болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында Жидебай ауылдық округіне қарасты Үшарал, Жалаңаш елді мекендеріне халық байланыс күші мен интернет жылдамдығын арттыру мақсатында Beelaine ұялы байланыс желісін, сонымен 4G мобильдік байланысы орнатылып іске қосты. Көптен күткен ауыл тұрғындары өз ризашылықтарын танытып жатыр. Ұялы мұнараны орнату біздің тұрғындарға үлкен өзгеріс әкелері сөзсіз. Бүгінгі күннің барлық талаптарын орындауда, цифрализацияланудың орны әрине ерекше. Алдағы уақытта Қарақой елді мекеніне ауылымыздың демеушілері арқылы ұялы байланыс қондырғысы орнатуды жоспарлап отырмыз.

Өз тілшімізден.

Открылось наследство после смерти Рысбекова Серикбая Кадировича, 28.09.1957 года рождения, умершего 06.05.2024 года. Наследникам обратиться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Актогайский район поселок Сарышаган улица Темиржол 12 Б.



(Соңы. Басы 6-бетте.)

или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

К конкурсу допускаются граждане Республики Казахстан и негосударственные

юридические лица, зарегистрированные в установленном порядке, кроме иностранных юридических лиц, а также юридических лиц, в уставном капитале которых доля иностранцев, лиц без гражданства, иностранных юридических лиц составляет более чем пятьдесят процентов) оформившие заявку на участие в конкурсе в срок, не позднее установленного извещением

На конкурс выставляются следующие земельные участки, указанные в нижеприведенной таблице:

№	Направление от ближайшего населенного пункта земельных участков, № лот)	Сельскохозяйственная специализация региона	Общая площадь Срок аренды лет	Сельхоз угодия в.т.ч				средний балл бонитета	Водообеспеченность	Другие
				Пашня	Сенокосы	Пастбища	Другие угодия			
1	Карабулакский сельский округ лот №50	Для животноводства	27,0000 12 год			27,0000		14	Необеспечен	
2	Земли запас лот №51	Для животноводства	4000,0000 12 год			3995,0000	5,0000	5	Необеспечен	
3	Кусакский сельский округ лот №52	Для животноводства	467,9298 12 год		75,0000	392,4298	0,50000	15	Необеспечен	
4	Кусакский сельский округ лот №53	Для животноводства	1450,0000 12 год		200,0000	1244,0000	6,0000	14	Необеспечен	
5	Кусакский сельский округ лот №54	Для животноводства	1503,0000 12 год			1197,0000	6,9741	9	Необеспечен	
6	Сельский округ Шабанбай би лот №55	Для животноводства	849,0000 12 год		200,0000	643,0000	6,0000	9	Необеспечен	
7	Земли запас лот №57	Для животноводства	260,0000 12 год			259,0000	1,0000	2	Необеспечен	
8	Айыртаский сельский округ лот №58	Для животноводства	690,5000 12 год			686,0000	4,5000	13	Необеспечен	
9	Земли запас лот №61	Для животноводства	909,8055 12 год			907,6055	2,2000	2	Необеспечен	
10	Кусакский сельский округ лот №65	Для животноводства	1200,0000 12 год		1100,000	97,0000	3,0000	11	Необеспечен	

Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологии, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением

случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: 15-00 часов 2 декабря 2024 года (указывается точная дата).

Конкурс проводится в соответствии с требованиями норм ст.ст.43, 43-1,48 Земельного Кодекса РК от 20 июня 2003 года № 442 и «Правилами организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» утвержденному Приказом Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан Министра сельского хозяйства Республики Казахстан № 518 от 20 декабря 2018 года.

Дополнительную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства» Актогайского района»расположенного по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, село Актогай, улица Ө.Бокейхана, 10Г (2-й этаж, кабинет 1). Контактные телефоны: 8(71037) 2-12-92; 2-13-83: электронный адрес: aktogai_zher23@mail.ru.

ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства» Актогайского района»

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҰЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Актоғай ажары” газеті

редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан

Республикасы ақпарат және даму Министрлігі

2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 880 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Актоғай

ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red @ mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен аскан материалдар қабылданбайды.

